

**6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» диссертациялық жұмысына ПІКІР**

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру проблемалары әрқашан өзекті болды. Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлы докторлық диссертациясында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін қарастырады. Бұл мәселені шешу қашанда өзінің өзектілігімен сипатталынады, өйткені қазіргі заманғы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие кәсіби ұтқыр мамандарды даярлау бағытындағы мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыс талаптары өзгеріп отырады. Сондықтанда жоғары кәсіби педагогикалық білімді беру барысында кәсіби ұтқырлық проблемасын одан әрі дамытуды қажет ететіндігін көрсетеді. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін ЖОО-да оқыту үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесіне тікелей арналған еңбектер санының шектеулі екендігі байқалады. Тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауы аталған проблеманы зерттеу қажеттілігінің негіздемесі ретінде қарастырылды.

Докторант түрлі ақпарат көздеріндегі «кәсіби ұтқырлық» категориялық ұғымдарын саралау барысында мағыналық жиынтығына қарай «Кәсіби ұтқырлық» ұғымына анықтама берді. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасады. Ұсынылған модель кәсіби ұтқырлықтың мазмұны мен құрылымын сипаттайтынын нанымды түрде дәлелдейді. Модельдегі берілген бағыт негізінде оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік алып, мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның әлеуметтік тапсырыс бойынша кәсіби білім беру мен ұтқыр педагог дайындаудың бірқатар тәсілдері қанағаттандырылды.

Б.Ж.Айдаров зерттеулерінің ғылыми жаңалығы білім беру мекемелердегі эксперименттік жұмыс барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың моделі тексеріліп, өзінің тиімділігімен айқындалады: зерттеу әдіснамасында қойылған проблемаға сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатындығы және зерттеушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етілді.

Диссертациялық жұмыс бойынша алған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жеке басының

дамуына сәйкестілігін көрсетті. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері мазмұндық тұрғыдан жан-жақты сипатталады. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, кәсіби шеберлікті арттыруға, одан әрі мансаптық және кәсіби өсуге ұмтылысы байқалды.

Зерттеуге жеткілікті кең материал тартылды, бұл жұмыстың сөзсіз артықшылығы деуге болады. Зерттеу барысында ойластырылған талдаудың өзі докторанттың қойылған мәселелерді түсінуінің тереңдігін айғақтайды: болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мәні мен теориялық негіздерін айқындау; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау; ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесінің моделін практикаға ендіру және сынақтан өткізу.

Ғылыми зерттеу құрылымы жеткілікті түрде ойластырылған және жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу міндеттерін шешу барысында автор сенімді мәліметтер алу үшін әдістерді тиімді пайдалана алды.

Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлы зерттеуші ретінде ұсынған қорытындыларының дербестігімен, материалды тандаудағы тиянақтылығымен, осы дереккөздерге объективті баға беруге ұмтылуымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ол ақпаратты терең және жан-жақты талдап, қорытып қана қоймай, ғылыми жаңашылдығы бар өзіндік тұжырымдарын дәлелдей алатын орнықты зерттеуші ретінде өзін көрсете білді. Диссертанттың зерттеушіге қажетті мақсаттылық, белсенді жұмыс қабілеті, ғылыми мәтінмен жұмыс істеудегі ыждағаттылық, өз ұстанымын қорғаудағы табандылық сияқты қасиеттері бар. Бұл зерттеушіге халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға және өз еңбегінің материалдарын ғылыми журналдарда, оның ішінде Web of Science Core Collection және Scopus халықаралық деректер базасында индекстелген жарияланымдарда жариялауға мүмкіндік берді.

Диссертацияда ұсынылған ғылыми зерттеулер инновациялық тақырыптарымен, дереккөздерінің негізділігімен, нәтижелердің сенімділігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және жоғары кәсіби білім берудің теориясы мен тәжірибесі үшін маңызды дербес, өзіндік, толық ғылыми зерттеу болып табылады.

Қорытындылай келе, зерттеуде алынған нәтижелер мен докторанттың қорғауға ұсынған ережелері ғылыми негізделген және эксперименталды түрде расталған деп айтуға болады. Айдаров Бақытжан Жұмадуллаұлының қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы аяқталған зерттеу болып табылады, ғылыми-практикалық маңыздылығы айқын,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмысына қойылатын барлық талаптарға сай келеді. Осыған байланысты мен Б.Ж.Айдаровты 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,  
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті» педагогика ғылымдарының  
кандидаты, профессоры



Ю.Н.Камалов